

УДК 379.85

**ҚАЗАҚСТАНДА ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ
ЖОЛДАРЫ**

Манапбаева Балмира Ержанқызы

manapbaeva01@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі Муталиева Л.М.

Бүгінгі жаһандану жағдайында қоғамдық өрлеу әлеуметтік және экономикалық үрдістердің дамуға қажетті жағдай жасайтын ұлттық шаруашылық кешенінің барлық салаларын жетілдіруге қабілетті. Бұл қызметті материалдық және әлеуметтік, сонымен бірге

мәдени-рухани қызмет көрсету салалары атқарады.

Туризм индустриясының дамуында өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың, мәдени-рухани орындардың алатын орны ерекше екендігі белгілі. Олар қазіргі уақытта қоғам өмірінің барлық аясын түгел қамтуда. Сол себепті әлеуметтік, экономикалық және т.б. күрделі мәселелерді шешу барысында инфрақұрылымды дамытып және оны жетілдіру – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақстан Республикасының экономикалық нарықтық жағдайында мәдени-рухани салалардың қызмет ету жүйесі өзгерістерге толы. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан бұл салаларды дамыту мақсатымен олардың даму басымдықтарына ерекше көңіл бөлінуде.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Экономиканың негізгі секторларын озық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету қажет», – дей келе, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадамдарды жүзеге асыруда ең басты туризм салалары қызметтерінің дамуына көңіл бөлу қажет екендігін баса көрсетті. Сондықтан да, соңғы кездері, әсіресе, отандық туризмдерді қолға алып, дамыту жолдарына ерекше көңіл бөлінуде. Алдымен, туризм дегеніміз не, оның қандай түрлері бар деген мәселелерге тоқталата кеткенді жөн көріп отырмыз.

Туризм дегеніміз – адамның бос уақытында жасауы, белсенді демалыстың бір түрі. Ол– халықтың қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең тиімді жолы болып табылады. Сонымен қатар туризм адамдардың қарым-қатынасы мен танымдық қабілетін арттырады, мәдениет пен өнердің дамуына, еліміздің экономикасының өркендеуіне үлесін қосып, ел мәртебесін әлемге танытуға мүмкіндік туғызады. Ел ішінде саяхат жасау ішкі туризм, ал шетелге саяхатқа шығу халықаралық туризм болып екіге бөлінсе, саяхат мақсатына қарай: экологиялық, ойын-сауық, танымдық, спорттық, балалар туризмі, әлеуметтік мақсатына қарай: іскерлік, этникалық, діни туризм болып бөлінеді.

Мақаламыздың тақырыбы – танымдық туризм болғандықтан, танымдық туризмнің елімізде жағдайы қалай деген сұрақтарға көз жүгірткен болатынбыз. **Мәдени-танымдық туризм** – саяхатшыларды елдің мәдени құндылықтарымен таныстыратын туризмнің бір түрі. Бұған, негізінен, табиғи нысандардың, туристік-саяхаттың, археологиялық-тарихи ескерткіштердің әрбір нысандарына саяхаттық-экскурсиялық жұмыстары жатады. Жекелеп тоқтасақ, әртүрлі тарихи, архитектуралық және мәдени кезеңдермен танысу мақсатында музейлерге, тарихи және архитектуралық ескерткіштерге бару. Сол сияқты театрландырылған қойылым, музыкалық, кино, діни мерекелерге, сурет көрмелеріне бару, лекция, семинар, симпозиум, шетел тілін оқу және құзіреттілікті көтеретін тренингтерге бару. Экскурсиялық-танымдық туризм — туристік қонақжайлықпен таныстыру мақсатында жүзеге асырылатын тур. Мұндай туристік қызығушылық объектілері — мұражайлар, ескерткіштер, әдемі қалалық ландшафттар. Танымдық турдың негізі — қалаларды көрудің бай экскурсиялық бағдарламасы және оның қонақжайлылығы, архитектурасы, шіркеулер және мәдени объектілер, мұражайлар, табиғи объектілер мен құбылыстардың ерекшелігі, дүкендерді аралауға бос уақыттар қарастырылған. Өңірді немесе бүкіл елді түрлі, климаттық аймақтарды түрлі көлік түрлерімен аралау туристерді қызықтырады. Еліміздің бай ресурстары: табиғаты, тарихи жерлері т.с.с танымдық туризмді дамытуға мол мүмкіндік. Оларға жекелеп тоқталатын болсақ:

- Еліміздің ыңғайлы геосаяси жағдайы.
- ҚР-дың тарихи- мәдениет мұраларының ерекше айырмашылығы;
- Әр ұлтқа тән - діни ескерткіштерінің болуы;
- Қазақстанның көп ұлттылығы, соған қатысты көп мәдениеттілігі, музей, әртүрлі мәдениет ошақтарының көп болуы;
- Туристік-рекреациялық аймақтардың болуы, яғни табиғи ландшафттар, фауна, флора дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, т.б.;

Қазақстанда туризм соңғы кездері қолға алынып, жаңа бағыттардың бірі болғанмен, еліміздегі туризмнің тарихи алғы шарттары біздің д.д.үшінші мың жылдықта қалыптаса

бастаған Ұлы Жібек жолының қалыптасуымен бастау алады. Сондықтан туризмнің түрлері бағыттары арнайы зерттелмесе де да, еліміз үшін жаңалық емес және Қазақстан туризм үшін қолайлы жер деп ойлаймыз. Атап айтар болсақ, еліміздің қай өңіріне келсек те, табиғаты керемет, тарихи жерлерге бай. Атап айтар болсақ, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, сондай-ақ, Алматы және Астана қалаларындағы туристік фирмалар желісі неғұрлым дамыған болып табылады. Осындай өңірлердің бірі – Ақтөбе облысы. Ақтөбе өңірінде туып-өскендіктен, аталған мақалада осы өңірдегі тарихи жерлерге тоқталып, баяндағымыз келіп отыр. Бұл, біріншіден, Ақтөбе облысында танымыдық туризмнің зерттеу объектісіне қатысты мәселелерді көрсету болса, екіншіден, аймақтану мәселесімен тікелей байланысты. Ақтөбе облысы батыстағы Каспий маңы ойпаты, оңтүстікте Үстірт, оңтүстік – шығыста Тұран ойпаты, солтүстікте Оралтауларының оңтүстік сілемдері аралығында орналасқан. Жерінің көп бөлігі жазық, орталығын Мұғалжар тауы, оңтүстік – шығысын Арал маңындағы Қарақұм мен Үлкен және Кіші Борсық төбешік құмдары, солтүстік – шығысын Торғай үстірті алып жатыр.

Облыстың басты су арналары негізінен Каспий теңізі алабына жатады. Ірі өзендері Жем, Ор, Елек, Ырғыз, Ойыл, Сағыз. 150 – ден астам ұсақ көлдері бар. Електің оң саласы Қарғалы бойында салынған сыйымдылығы 280 млн. куб. м-лік Қарғалы бөгенінің макеті экспозицияға орналастырылған [3].

Срнымен бірге облыстық тарихи-өлкетану мұражайы халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған облысымыздағы ғылыми зерттеу, насихаттау жөніндегі ірі мәдени ошақтың бірі. 1929 жылы жергілікті өлкетанушылардың бастамасымен қала шетіндегі шағын ғана мектеп музейі ретінде шаңырақ көтерді. 1934 жылы бұрынғы қонақ үйі жөндеуден өткізіліп, музей тарихында алғаш рет тұрақты мекенжай ретінде беріледі. 1967 жылы мамырда Орынбор көркемсурет шеберханасы безендірген алғашқы экспозициясы ашылып, оның салтанатына белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаев қатысады [3].

Облыстағы ең ірі мұнай көздері – Жаңажол мен Кеңкияқ кен орындарының геологиялық қоры – 450 млн. тонна.

1998 жылы Жаңажол – Ақтөбе газ құбырының құрылысы аяқталды. Осы залдың экспозициясынан жер қойнауынан шығып жатқан пайдалы қазбалар үлгілерін көруге болады.

Жер астынан шығып жатқан емдік қасиеті бар Шалқар минералды суы Анапа, Есентуки, Арзани курорты суларымен бір деңгейде саналады.

Біздің жерімізде шамамен 1057 өсімдік түрі бар. Боз, бидайық, бетеге, жусан, селеу, ши, жүзген, жиде, тобылғы, сексеуіл, шеңгел, шалғынды өсімдіктер, көктерек, қайың, шоқ тоғайлары өседі. 61 түрлі өсімдік Қазақстанның Қызыл Кітабына тіркелген. 22 түрі эндемикалық өсімдіктер қатарына жатады. Олардың ішінде: Шренк қызғалдағы, Мұғалжар түйешырмауығы, ақ тұңғиық, су шылымы, қызыл арша, жабысқақ қандыағаш т.б. 50 – ге жуық дәрілік өсімдіктер тіркелген.

Ежелгі Ақтөбе жерінде б.д.д. VI – V ғ.ғ. сарматтар мәдениетінің дамыған орталықтары болған. Елек өзенінің сол жағалауынан табылған көне қорғандардың қалдығы соңғы айғақтайды.

«Бесоба», «Сынтас» қорғандарынан табылып сармат шеберлерінің қолынан шыққан «жануарлар стиліндегі» алтын бұйымдар мен тұрмыс заттары ежелгі қолөнерінің ең биік туындылары болып саналады.

Жауынгер ару – перизаттар (амазонкалар) зираттарын археологтар Түркменстаннан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан кезіктіруде. Ал Қазақстанда осындай зират Ақтөбе өңіріндегі Елек өзенінің бойынан табылды. Археолог К.Ф.Смирнов бес қаруы сай қалпында жерленген «Мешітай» зиратының амазонкаларын б.д.д. IV ғасырдың жәдігерлігі деп таңбаланған. Әрине бір мақала көлемінде, бұл өңірдің тарихи жерлері мен табиғат ерекшеліктерін зерттеп, баяндап шығу мүмкін емес. Біз кейбір негізгі деген ақпараттарға тоқталды.

Жалпы, тарихи-рухани маңызды жерлердің туристік бағдарлануы тарихи-мәдени

әлеуеті қалыпқа келтіру, сақтау және ұқыпты пайдалану қазіргі таңның өзекті мәселелерінің бірі. Туристік қызмет аясының дамуы, құндылығына өлшем жоқ ұлттық байлықтың сақталу мен оны кәдеге асыра пайдалана білу міндеттерін шешу арқылы экономикалық, сондай -ақ, әлеуметтік міндеттердің шешілуін бір жолға қояды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аванесова Г.А. Культурно-досуговая деятельность. – М.: «Аспект Пресс», 2006. – 236 с.
2. Ердаулетов С.Р. География туризма. – Алматы: 2000. – 214 с.
3. Ақтөбе облысының туризмі 2005 жыл. Ақтөбе, 2006. - 37 б.